ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024жылғы 25 қыркүйек №2301-24-00-2/1939 Атырау қаласы

Атырау облысыныңмамандандырылғанауданаралықэкономикалық соты құрамындатөрағалықетуші судья А.Р.Балмуханова,
сот отырысыныңхатшысыД.Исмаиловаболып, ашық сот отырысындақойылғанталапбойыншаазаматтықістіқарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Мақат кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Асыл Нур» басшысы Есалиев Рауан Бауржанович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі З.Б.Длекеева
жауапкер Р.Б.Есалиев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 18 мамырда тараптар арасында құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №106 шарт (келесіде – шарт) жасалған.

Шарт бойынша жауапкер Мақат кентінің көшелері мен саябақтарында мәрмәрдан жасалған көше қоқыс бағын сатып алып, орнатуға міндеттеме алған.

Шарттың жалпы сомасы – 7 972 000 теңге.

Шарттық міндеттеменің орындалу мерзімі – Шарт Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелгеннен кейін 30 күнтізбелік күн ішінде.

Іс құжаттарына сәйкес шарт қазынашылық органында 19 мамырда тіркелген, сәйкесінше міндеттеменің орындалу күні 19 маусымға дейінгі мерзім.

Талап қоюшы сотқа талап қойып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қою талабының негізі ретінде жауапкердің тараптар арасында жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанын көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талап қоюды қолдап, жауапкер міндеттемені орындамағанын көрсетіп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкермен сотқа талапқа қарсы пікір жолданбаған.

Сот отырысында жауапкер талапты мойындап, қоқыс багын Өзбекстаннан алғызғысы келгенін, алайда шекара қызметі мәрмәрды өткізбей тастағанын, талаптың қанағаттандырылуына қарсы еместігін көрсетті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көзделген мерзімде сотқа тиісті талап қоюмен жүгініп, міндетін орындаған.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамаған, яғни талап қоюшы шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылған.

Жауапкер сот отырысында міндеттеменің орындалмағанын жоққа шығармады.

Мұндай жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын сот негізді деп таниды және талап қанағаттандырылуға жатады.

Жауапкерден Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117-бабының талабына сәйкес, мемлекет кірісіне 1846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 02.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 04.11.2024, судья Балмуханова А. Р., 05.11.2024

«Атырау облысы Мақат кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесініңжеке кәсіпкер «Асыл Нур» басшысы Есалиев Рауан Бауржановичті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Асыл Нур» басшысы Есалиев Рауан Бауржанович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Асыл Нур» басшысы Есалиев Рауан Бауржановичтен мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья **А.Р.Балмуханова**

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 02.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 04.11.2024, судья Балмуханова А. Р., 05.11.2024